



Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Мұнайлы аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның Байқау кеңесінің  
«17 » 05 2023 жылғы № 2  
шешімімен бекітілген

№ 1 қосымша

**Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Мұнайлы аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмету туралы**

**ЕРЕЖЕ**

Маңғыстау ауылы – 2023 жыл

## 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Мұнайлы аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы Ереже (бұдан әрі – Ереже) "Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Занының (бұдан әрі – Зан) 16-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережесіне сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының «Мұнайлы аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның (бұдан әрі – Кәсіпорын) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшелердің немесе адамдардың мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функцияларын, өкілеттіктерін айқындауды.

3. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереже Кәсіпорынның ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық жұмыскерлердің назарына жеткізіледі.

4. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – квазимемлекеттік сектор субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;
- 2) сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;
- 3) мұдделер қақтығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындауына және (немесе) тиісінше орындауына алып келуі мүмкін;
- 4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қарсы кінәлі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);
- 5) сыйбайлас жемқорлық тәуекелі – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыруды және іске асыруды және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы үйлестіруді, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері.

5. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз өкілеттіктерін Кәсіпорын басшысынан тәуелсіз жүзеге асырады, Кәсіпорынның Байқау кенесіне есеп береді және Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының сақталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

6. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке әдіснамалық қолдауды сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган және оның аумақтық бөлімшелері көрсетеді.

7. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функциясын Кәсіпорынның басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен ұштастыруға жол берілмейді.

8. Егер Заңмен, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттармен осы Ережеде көзделмеген сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті ұйымдастыруға қойылатын талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, осы талаптар мен тәсілдерді Кәсіпорынның Байқау кенесі бекітеді.

## **2-тaraу. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің мақсаттары, міндеттері, қағидаттары, функциялары мен өкілеттіктері**

9. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің негізгі мақсаты Кәсіпорынның тиісті субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

10. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

- 1) Кәсіпорын мен оның қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;
- 2) Кәсіпорында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;
- 3) Кәсіпорында сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуін қамтамасыз ету;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеу талаптарының және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

5) Заңға сәйкес, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету;

11. Кәсіпорын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын енгізу және жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2) басшылықтың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;

3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің ақпараттық ашықтығы;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің тәуелсіздігі;

5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функцияларын жүзеге асыратын мамандардың құзыреттерін үнемі арттыру.

12. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары:

1) келесі құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді:

- Кәсіпорынның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдының ішкі саясаты;

- Кәсіпорынның қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық;

- Кәсіпорындағы мүдделер қактығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясаты;

- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт;

- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспары;

- Кәсіпорын қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзы фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжат;

- корпоративтік әдеп пен мінезд-құлық мәселелерін регламенттейтін құжат;

2) Кәсіпорынның сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне қатысты ақпарат жинауды, өндеуді, қорытууды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

3) "Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бүйріғымен бекітілген сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген № 14441) сәйкес Кәсіпорын қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;

4) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның және Кәсіпорын бірінші басшыларының бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін

- Кәсіпорын қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;
- 5) Кәсіпорында анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне және оларды митигациялау және жою бойынша қабылданатын шараларға мониторингті жүзеге асырады;
- 6) Кәсіпорында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;
- 7) Кәсіпорын қызметкерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;
- 8) Кәсіпорын қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл саясатын және корпоративтік әдеп пен міnez құлық мәселелерін сақтауын бақылауды қамтамасыз етеді;
- 9) Кәсіпорын ұжымында жалпы қабылданған моральдық-әдеп нормаларына сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;
- 10) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет құзыреті шенберінде мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірлген адамдардың Занда белгіленген қаржылық бақылау шараларын және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауын қамтамасыз етеді;
- 11) Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын орындауына мониторинг әзірлейді және жүргізеді;
- 12) мұдделер қақтығысын, оның ішінде Кәсіпорында жұмысқа орналастыру, сатып алу және бизнес-процестер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;
- 13) Кәсіпорында сыйлыктар беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;
- 14) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;
- 15) Кәсіпорындағы сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және / немесе оларға қатысады;
- 16) Кәсіпорында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;
- 17) Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;
- 18) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері мен қызметкерлерінің ақпаратын тыңдайды;
- 19) Кәсіпорын басшысына анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, Кәсіпорын қызметін ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсынымдар енгізеді;
- 20) Кәсіпорын қызметінің ерекшелігіне қарай мұндай функциялар тәуелсіздікке әсер етпейтін және мұдделер қақтығысының туындауына әкеп

*Назарбайев*

соқпайтын жағдайда комплаенс, іскерлік әдеп, орнықты даму және басқалар мәселелеріне байланысты функцияларды жүзеге асырады;

21) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды;

13. Кәсіпорынның Байқау кеңесінің шешімімен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысын тағайындауды жүзеге асырады және оның өкілеттік мерзімін, сыйақы мөлшерін және енбекке ақы төлеудің шарттарын айқындаиды.

14. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүктелген міндеттердің орындалуын және функциялардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

15. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының ұсынуы бойынша Кәсіпорын басшысының шешімімен сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметкерлерінің құрылымы, штат саны (сандық құрамы), өкілеттік мерзімі, жұмыс тәртібі және енбегіне ақы төлеудің өзге де шарттары айқындалады және оларды тағайындау жүзеге асырылады.

16. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының және қызметкерлерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі лауазымдық нұсқаулықтармен немесе сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереженің негізінде әзірленетін қызметкердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындаитын құжаттармен айқындалады және оларды Кәсіпорын басшысы бекітеді.

17. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы Кәсіпорынның Байқау кеңесіне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құрылымы мен штат кестесі бойынша ұсыныс береді.

18. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің атынан Кәсіпорынның басқа құрылымдық бөлімшелеріне, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ведомстволар мен ведомствоға бағынысты ұйымдарға жіберілетін құжаттар мен сауалдарға сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы қол қояды.

19. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлері комплаенс саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіптік ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына катысу арқылы үнемі кәсіби біліктілігін арттыруы қажет.

20. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өз қызметтің шеңберінде:

1) Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;

2) Кәсіпорынның Байқау кеңесінің қарауына олардың құзыретіне жататын мәселелерді шығаруға бастамашылық жасайды;

*Надежда*

- 3) ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қары іс қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізеді;
- 4) Кәсіпорын басшылары мен басқа да қызметкерлерінен қызметтік тергеу шеңберінде жазбаша түсіндірмелер беруді талап етеді;
- 5) Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қары заңнамасын жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды сыйбайлас жемқорлыққа қары іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді;
- 6) өз құзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;
- 7) Кәсіпорын қызметкерлерінің Кәсіпорында сыйбайлас жемқорлыққа қары заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы хабарлауы не Кәсіпорында сыйбайлас жемқорлыққа қары іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін ақпараттандыру арналарын құрады;

21. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыйбайлас жемқорлыққа қары комплаенс-қызмет:

- 1) Кәсіпорын және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыйбайлас жемқорлыққа қары комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың, егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, құпиялыштың сақтайды;
- 2) Кәсіпорында сыйбайлас жемқорлыққа қары іс-қимыл мәселелері бойынша сыйбайлас жемқорлықтың, корпоративтік Әдеп кодексінің және өзге де ішкі құжаттардың бұзылуының болжамды немесе нақты фактілері бойынша жүгінген адамдардың құпиялыштың қамтамасыз етеді;
- 3) Кәсіпорынның байқау кеңесін сыйбайлас жемқорлыққа қары заңнаманы бұзудың болуымен немесе ықтимал мүмкіндігімен байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етеді;
- 4) сыйбайлас жемқорлыққа қары іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы хабарлайды;
- 5) Кәсіпорынның белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;
- 6) қызметтік және кәсіби этиканы сақтайды.

22. Сыйбайлас жемқорлыққа қары комплаенс-қызметтің қызметкерлеріне:

- 1) алдыңғы үш жыл ішінде олар қатысқан процестерді тексеруге қатысуға;
- 2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындай зиян келтіретін ретінде қабылданатын кез келген әрекетке қатысуға;
- 3) құпия ақпаратты жеке мүддеге пайдалануға;
- 4) іскерлік этика нормаларын бұзуға;
- 5) нәтижесінде сыйбайлас жемқорлыққа қары комплаенс-қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптығына нұқсан келтіруі мүмкін не осындай залал келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтарды қабылдау және көрсетілетін қызметтерді пайдалануға;

6) мұдделер қақтығысына әкелуі мүмкін тексерулерге, қызметтік турғеулерге және басқа да іс-шараларға қатысуға болмайды.

23. Кәсіпорын басшылығы:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға жәрдемдесу, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттерін орындауға, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуі;

2) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметін әкімшілік (ұйымдық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыру, оның ішінде ақпараттық жүйелер мен қосымшаларды (қажетті дереккорларға қолжетімділікті) және өзге де тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен қамтамасыз етуі;

3) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы мен қызметкерлеріне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметі, әлеуметтік және коммуникациялық дағылар мен құзыреттер мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беруі қажет.

24. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылды жұмыстағы өзара сыпайылық пен дұрыстық негізінде құрылады.

25. Кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтіне келесідей жәрдемдеседі:

1) осы Ереженің 11-тармағы 1) тармақшасында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;

2) анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;

3) туындаитын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу.

### **3-тaraу. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің есептілігі**

26. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Кәсіпорында қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша ақпаратты тоқсан сайын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша Кәсіпорында қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпарат жібереді.

27. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Кәсіпорынның Байқау кеңесіне мерзімді түрде есеп береді.

Кәсіпорын басшысы тарапынан ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары туындаған жағдайда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет Заңының 24-бабы 1-тармағына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.